II. Малайсары тауының солтүстік беткейіндегі Тесіктас табиғат ескерткішінің маңындағы қола, сақ, түркі кезеңдерінің беті тегіс жартастарға қашалған суреттер.

III. Жапанқұдық қонысының аумағындағы шоқыдағы суреттер.

Бұл маңдағы негізгі жәдігер – жақпар тастар бетіндегі петроглиф. Жартасқа қашап салынған сансыз суреттер галереясы негізінен қола дәуіріне тән. Олар Арқарлы, Малайсары жоталарындағы, Талдықорған іргесіндегі Қызылтас, Үйтас, Ескелді ауданына қарасты Ешкіөлмес жартас суреттерімен терең қатынасы бар. Тағы бір ерекшелігі, жәдігерлер осы өлкеде адамзат мәдениетінің бастау алғандығын да айғақтайды.

Демек, Сарыбұлақ ауылы – байырғы сақ, ғұн, түркі дәуіріндегі бабалар өркениетінің табы қалған тарихи қоныс. Сарыбұлақ шатқалындағы жартас суреттері Жетісу жартас суреттерінің құрамдас бөлігі және оны басқа жерлерден кездестіре бермейтін жаңа бейнелермен толықтыра түседі. Жалпы, Жөңкебайдағы тастағы бейнелердің бәрі пикетаж техникасында, кейбірінің темір аспаптың көмегімен немесе таспен ойып салынғанын байқаймыз.

Тастағы суреттердің ғылыми-танымдық негіздері де жеткілікті. Зер сала қарасақ, халықтық көркемөнермен қатысты жартас суреттеріндегі шеберлік, қарапайым сызылған адам тұрқы және тасқа бедерленген рутайпалардың таңбасы, адам, жылқы, сиыр, бұғы, керуен суреттері үлкен шеберлік пен табандылықты және жоғары деңгейдегі талғампаздықты көрсетеді. Жартаста қашап салынған суреттердің енді біреулері қазақтың тайпалық-рулық бірлестігін білдіретін айқындама – таңбалы белгілер. Бұл әрбір қазақ руының шығу тегін, көршінің туыстық тұрғыдағы жақындығын, сондай-ақ, халықтың тарихи жағдайын және шаруашылық жүргізу тәсілін көрсету ниетімен кең көлемде қалыптасқан белгі. Жөңкебай жазығынан сақ кезеңі мен біздің заманымыздың XV ғасырын қамтитын көптеген қорғандарды кездестіруге болады.

Жөңкебайдағы суреттер шағын жартас тақталарының оңтүстік және оңтүстік-батыс беткейлеріне қашап салынған. Суреттердің арасында адамдардың және жануарлардың бейнелері кездеседі. Көпбейнелі үлкен композициялардан ешкі және арқар аулау көріністерін көруге болады. Бұл суреттер аласа жақпар тастардың бетіне салынған.

Сарыбұлақ жартас суреттерін зерделеу барысында ежелгі суретшілердің шебер жасағаны арқардың немесе қошқардың басы, мүйізі. Ол зергерлік істер (жүзікте, білезікте, мойын алқада, шолпыда) жиі кездеседі. Бұл ежелгі дәстүр қазақ заманына жетіп, «Қошқармүйіз» қазақ өнерінің ұлттық түріне айналды.

Демек, жартас бетіндегі суреттердің мазмұны бірден-бірге байып, оқиғасы кемелденіп отырған. Бұған әуелі ертедегі сызбалар мен кейінгі сызбалардағы айырмашылық дәлел бола алады. Мысалы, алғашқы сызбаларда жалғыз адам немесе аң, тағы басқа да зат бейнеленсе, кейін келе жыртқыш аңдармен болған күрес, табындағы малды қорғау жолындағы ерлік анық көрсетіледі. Сарыбұлақтағы жартас суретінде садақ тартып тұрған адаммен бірге жебелердің ұшу бағытын көрсеткен суреттер өте көп.

Десе де жартас бетіндегі ежелгі стиль біртіндеп құлдырағанымен қазақ халқының сурет өнерін өзіндік өзгешелігімен тарихқа таңбалап кетті. Жалпы, петроглифтер мұрасы жағынан Қазақстанға тең келер ел жоқ деуге де болады. Оны аялап-сақтау ғана басты міндет. Десек те Сарыбұлақ жартас суреттері орналасқан жерлерден де вандализмнің белгілерін кездестірдік.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, Норвегия, Швеция секілді Скандинавия елдері мемлекеттегі әр ескерткішті мемлекет қазынасы деп санап, алтыннан артық қорғайды екен. Тіпті Франция мемлекетіндегі үңгір ішіндегі осындай петроглифтерді туристік мекенге айналдырып, келушілердің аузынан бөлінген ауаның әсерінен петроглифтерге зақым тиюі мүмкін деп, ескерткіштердің жасанды көшірмесін жасап, туристерді сонда жібереді екен.

Ел аумағында ежелгі үңгір суреттерінің қанша шоғыры бар екені нақты белгісіз. Археологтар 1000-ға жуық орынды сипаттап, тіркеген. Ғаламторда шамамен 3 мың деген ақпарат шығады. Десе де Сарыбұлақ ауылының іргесінде жатқан жәдігерлер әлі де ғылыми айналымға түскен жоқ. Тіпті, жергілікті жұрт «Тесіктас», «Үңгірқора» атап кеткен табиғаттың таңғажайыбын әлі күнге дейін білмейді.

Осы мұраларды ел қазынасына айналдыратын уақыт келді деп есептейміз.

Сарыбұлақ ауылы,
Кербұлақ ауданы

● БРИФИНГ

■ «Темір» карьеріне баратын грунттық жолды салу кезінде археологиялық қорғандарға қатер төнгені ел ішінде қызу талқыға түскен еді. Дегенмен, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталықтың аралассуымен ескерткіштерге зиян тигізетін жұмыс түрлері тоқтатылды.

«Темір» карьерінің жұмысы тоқтатылды

Көпке аян, былтыр «Темирбетон» ЖШС-іне қарасты карьердің кесірінен мәдени мұрамыз талқандалып жатқаны туралы ақпарат әлеуметтік желіде желдей ескен еді. Осы ретте тарихи объектілерді сақтау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Бауыржан Абибеков және қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков журналистерге баяндады.

«2023 жылғы 5 желтоқсанда Қызылтастағы петроглифтер және «Тасбақа» деп аталып кеткен табиғи тасқа байланысты Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған арнайы жұмыс тобы келіп зерделеу жұмыстарын жүргізіп, жиын өткізді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған арнайы жұмыс тобының ақпараты негізінде комиссия ұсыныстарына сүйене отырып, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы анықталған петроглифтерді басқа жерге көшіруге келісім берді», – деді Ж. Андабеков.

Оның айтуынша, «Қызылтас» саяжайындағы «Темір» карьеріндегі жарылыс жұмыстары толығымен тоқтатылған. Ал Қуаныш Сұлтанұлының сөзіне сүйенсек, алдағы уақытта ондағы петроглифтер мемлекет қорғауына алынады.

«Облыста бітік тастар мен ежелгі қорымдардың үлкен шоғыры бар. Бүгінде ғылыми негізделіп, тарихи мұралар тізіміне енген табиғи нысандар туристердің көзайымына айналып отыр. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің бірі 51 петроглиф мемлекет қорғауына алынған. Қызылтас петроглифтері де сол қатарға қосылады», – деді Қ. Сүлейменов.

Осы мәселе төңірегінде жүрген азаматтар арнайы кездесіп, археологиялық ескерткіштерді сақтау бойынша өзара ынтымақтастық орнатуға бел байлаған. Ел депутаттары да карьер мәселесін шешуге жәрдемдесетін болады.

Аталған кәсіпорын бұрын пайдаланылған карьер мерзімін ұзарту туралы құжаттарын қалпына келтіру үшін сотқа арыз берді. Сот шешімі шыққанға дейін барлық жұмыс тоқтатылды.

Мұхтар КҮМІСБЕК

● «ТАЗА ӨЛКЕ»



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Аула абаттанып, ағаш отырғызылды

■ Көк тебіндеп шыққан соң ауламызды тазартып, ағаш отырғызып, бұлақ көзін ашып, гүл егіп, қоршаған ортаны көркейтудің қамына кірісетініміз анық. Сол дәстүр биыл да «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Жетісу өлкесінде жалғасын тапты. Облыстық әкімдікке қарасты басқармалар, аудан, қала әкімдіктері, мәдениет, білім, денсаулық сақтау, тағы да басқа салалар әр сенбі сайын өздеріне қарасты ұйымдардың аумағындағы жерлерді тазалап, жанға жайлы орта қалыптастыруда.

Мұндай игілікті іс өткен демалыс күндері де жақсы ұйымдастырылды. Әсіресе облыстық білім басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар көңіл көншітерлік. Бұл іске Талдықорған қаласындағы агротехнологиялық колледжінің ұжымы белсене қатысқанына куә болдық. Біз барғанда мектеп оқытушылары, техникалық қызметкерлер мен студенттер мектеп ғимаратының айналасын қоқыстан арылтып, ағаштардың құраған бұтақтарын кесіп, жол жиегіндегі бордюрлерді ақтап, белгіленген орынға гүл отырғызып жатыр екен. Облыстық білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменовті де осы жерден кездестірдік:

– Жалпы, облыстық білім басқармасына қарасты 500-ге жуық мектеп, балабақша, колледж, тағы да басқа білім беру ұйымдары бар. Көктемгі тазалық акциясына осы мекемелер толық атсалысады. Осы реткі сенбілікке облыс орталығы, аудан, қалалардағы білім беру ұйымдарының мұғалімдерін, техникалық қызметкерлерді, облыстағы 20 колледждің студенттерін қоса-ғанда 20 мыңнан астам адам қатысып, 500 тонна қоқыс шығарылды. 1500 түптен артық ағаш отырғызылып, гүл егілді, – деді ол.

Білім басқармасы көктемгі тазалық акциясымен ғана шектеліп отырған жоқ. Басқа күндері де студенттерді ынталандыру арқылы соғыс, тыл және еңбек ардагерлерінің, жалғызбасты қариялар мен жағдайы төмен отбасылардың ауласын тазалауға көмектесіп тұрады. Бірақ «Көп жұмылса көл толады» дегендей, ауруханаға 300-ге жуық қызметкері жұмыла жұмыс істегендіктен ауланың іші-сыртын көп уақыт жұмсамай тазалап тастады. Арасында гүл егіп, жасыл желектерді суарып та үлгерді.

– «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» деген сөз қашанда дәрігерлердің есінде жүретін қағидасы десек те болады. Тазалық айлығы басталғалы сенбі сайын осындай акция ұйымдастырып, ауламызды қоқыстан арылтып тұрамыз. Оған кезекшілік ететін дәрігерлерден басқа мамандар толық қатысуға тырысады. Жай күндері ауруханаға шаруашылық бөліміне қарасты 80-ге жуық қызметкер күнделікті тазалау жұмысын жалғастырады, – дейді Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Гүлнара Темірбаева.

Жалпы, біз көрген мекемелерде қызу еңбек жүріп жатты. Осы күні сенбілікке шыққан барлық мекемеде жағымды жақсылықтардың болғаны анық.

Қ. ОМАРАҚЫН

● ӨЗЕКТІ

Дәрілік заттарды таңбалау

Облыстық кәсіпкерлер палатасы жанындағы салалық сауда кеңесінің отырысы аясында дәрілік заттарды таңбалау мен қадағалауды енгізу мәселесі талқыланды.

Жиын көтерме сауда ұйымдары мен дәріханалар желісі өкілдерінің қатысуымен өтті. Айта кетейік, өткен жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен таңбалауға жататын тауарлар тізбесіне өзгеріс енгізілген болатын. Онда барлық дәрілік заттар биылғы 1 шілдеден бастап міндетті түрде таңбалауға жатады. Дәрілік заттарды таңбалау және қадағалап отыру дәрілік препараттардың сапасын фармакологиялық қадағалау мен бақылаудың тиімділігін арттыру, дәрілік заттардың өндіріс кезеңінен соңғы тұтынушыға дейінгі кезеңді мониторингілеу, заңсыз айналым, оның ішінде жалған өнімге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында енгізіледі.

Бұл тетік дәрілік заттарды сатып алуды ұтымды пайдалануға және жоспарлауға, сондай-ақ, тұтынушыны шынайы дәрілік затпен қамтамасыз етуге ықпал етеді. Облыс бойынша интеграциямен қамту небары 18,4 пайыз немесе дәрілік заттарды таңбалауға және қадағалауға қатысатын 374 дәріхананың 69-ын құрайды. Өңірде 58 медициналық ұйым «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалымен медициналық қызмет көрсетуге шарт жасасты, оның 28-і облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты.

Денсаулық сақтау басқармасы облыстық медициналық ұйымдары бойынша дәрілік заттарды таңбалау және қадағалау үшін қажетті жабдықтарға талдау жүргізді. Аталған талдаудың қорытындысына сәйкес таңбалауға арналған жабдыққа жалпы қажеттілік 9 млн. теңгеден асты.

– Бүгінгі таңда барлық 28 медициналық мекеме 143 бірлік 2D сканер, сондай-ақ 18 медициналық ұйым 26 бірлік деректер жинау терминалын сатып алды, – дейді ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық фармацевтикалық бақылау комитетінің облыс бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Надима Белтаева.

Отырыс аясында бірқатар ұсыныс айтылды. Мәселен, салалық сауда кеңесінің төрағасы Еділ Қазақпаев шағын және шағын бизнес кәсіпкерлерін дәрілік заттарды бөлшек саудада тауарларды таңбалау мен қадағалау ақпараттық жүйесіне ерікті түрде тіркеуді енгізу жөнінде ұсыныс жасады.

Сондай-ақ, ол тауарға ілеспе жүкқұжат және ЭШФ модуліндегі электрондық шот-фактураны сандық қайталаудың қажетсіздігіне байланысты бөлшек сауда үшін дәрілік заттарды қабылдау, тапсыру актілерін растауды алып тастау, нұсқа ретінде АЕК растау мерзімін 1 күннен 20 күнге дейін ұлғайту, тағы бір ұсыныс қабылдау, тапсыру актілерін растау жүйесін жеңілдету және 10-16 күнде дәрілік заттарды айналымнан автоматты түрде шығаруды қамтамасыз ету маңызды екенін айтып, ой қорытты.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

Совершенство поэтического слова



Маржан ОМИРЖАНОВА

Во Дворце культуры им. И. Жансугурова города Талдыкоргана прошел литературно-музыкальный час «Белжайлау сазы», посвященный творчеству Отличника культуры Республики Казахстан, Почетного гражданина Алматинской области и Панфиловского района, члена Международного союза писателей, поэта и композитора Базархана Жакыбаева.

Мероприятие было организовано управлением культуры, архивов и документации области Жетісу и областным центром народного творчества. Его целями являются повышение мотивации молодежи к поэзии, пробуждение интереса и формирование культуры чтения, а также пропаганда художественных произведений, популяризация имен молодых поэтов, только вошедших в литературно-поэтический мир.

Это уже тринадцатый по счету в этом году литературно-музыкальный час «Жыр жауһары» и в нем приняли участие почтенные аксакалы нашего региона – поэт, член Союза писателей Казахстана, журналист-ветеран Нусипбай Абдирахым, председатель областного Совета ветеранов Ермек Келемсеит, поэты и писатели края Жетісу, другие представители интеллигенции, СМИ.

Модератором вечера выступил член Союза писателей Казахстана, Отличник культуры РК, поэт, председатель Жетысуского областного филиала Союза писателей Казахстана Жангельды Немеребай. На литературно-музыкальном часе прозвучали стихи и песни автора в исполнении артистов Панфиловского районного Дома культуры, а также солистов областной филармонии Еркебулана Конашева «Атқан таң сенің аппақ тамағыңдай», Еркебулана Батыргалиева «Белжайлау сазы». Были зачитаны стихи Базархана Жакыбаева «Қазақ салты», «Термеде жұлғып тұрса жерді тартып» молодыми, талантливыми поэтами края Жетісу Жандосом Нургали, а также «Тау суреті» Ерканатом Закеновым. Собравшиеся гости в свободном формате также прочитали стихотворения как автора вечера, так и собственного сочинения.

Базархан Тореханулы Жакыбаев родился 5 мая 1942 года в селе Жаланаш Илийского района Восточно-Туркестанской области. Начальное образование получил в Кегенской школе. В мае 1955 года, отправившись в колхоз «Коммунизм» Чкаловского района Кокшетауской области, он принимал участие в кампании по поднятию целины, работая водителем-прицепщиком. После окончания средней школы имени Ленина в 1960 году трудился в совхозе трактористом и пастухом. В 1966 году окончил Алматинский кооперативный техникум по специальности «Товаровед», а в 1970-м - Талдыкорганский зооветеринарный техникум. Многие годы был заведующим по торговле в рабочем кооперативе «Коктал», главным зоотехником и руководителем предприятия на птицефабрике колхоза «Ушарал». С 1990 года занимал должность председателя Жаркентского потребительского общества.

Обладая природным талантом, Базархан Тореханулы всей душой проникается искусством и берет уроки у певца и композитора Данеша Ракышева. Он учится писать песни, которые ныне хранятся в Золотом фонде Казахского радио и телевидения. В 1971 году впервые родились известные «Белжайлау сазы», «Арман алауланып» и «Демің дірілдеп». Базархан Тореханулы с молодых лет - признанный композитор, поэт и писатель. В 2004 году появился собственный сборник песен под названием «Сырлы сезім». Вышедший в свет в 2006 году сборник его стихов «Жетісудың ұлымын» был тепло принят ценителями поэзии, а изданное в 2008-м познавательное произведение «Жаркентте жеті өзен, жеті арасан», повествующее подрастающему поколению о красоте природы, о поэтах и писателях, бесспорно, является ценным произведением, рождающим у молодых людей стремление знакомиться с творчеством интеллектуалов и мастеров литературного пера.

Базархан Тореханулы говорит: «Продолжая трудиться по своей специальности в сфере сельского хозяйства, я по зову таланта и приверженности к литературе и музыке еще с начала семидесятых годов начал заниматься творчеством. Помимо композиторства являюсь поэтом, а также прозаиком – написал семь книг, которые были тепло приняты общественностью».

В 2009 году при поддержке акима Алматинской области вышло в свет его прозаическое произведение «Тұлпардың тағдыры». В 2004 году Базархану Тореханулы было присвоено звание Почетного гражданина Панфиловского района, аксакал награжден юбилейными медалями в честь 10-летия Астаны и 20-летия Независимости Казахстана.

Поэт Жангельды Немеребай отмечает: «Каждый четверг, иногда раз в две недели, мы проводим литературно-музыкальный час в рамках проекта «Жыр жауһары», название которому я дал сам. Он посвящен поэтам как прошлых лет, так и современникам родом из края Жетісу. Проходит мероприятие в свободном формате, ведь поэзия – это явление свободное, творческое, ее невозможно заключить в рамки официальной встречи. Поэтому, как вы видели сами, гости встречи беседуют, исполняют стихи и песни, рассказывают об истории их создания, делятся воспоминаниями о жизни и творчестве авторов. Сегодняшний вечер посвящен творчеству поэта и композитора, продолжающего писать книги, - Базархану Тореханулы, которому в этом году исполнилось 82 года».

Поэзия - источник жизни и вдохновения. Она отражает самые сокровенные переживания человека, зарождающиеся в глубинах мысли и души. Слово является формой отражения человеческого мировоззрения, поэтическое же слово – это мелодично-звуковое совершенство, неповторимое в своей уникальности, оно повествует о земном пути и внутренних мирах личности, о ее прозрениях.

Личные фонды – зеркало истории



Диана КАНАПЬЯНОВА

В Талдыкорганском государственном архиве состоялся круглый стол на тему «История. Личность. Архив». Цели мероприятия – повышение интереса в изучении документов личного происхождения и изучение деятельности знаменитых людей, внесших важный вклад в развитие своего региона.

- Каждый документ, хранящийся в архивах, является зеркалом истории, поступившие материалы бережно хранятся и используются нашими сотрудниками. Привлечение в архивы документов личного происхождения призвано обогатить документальную базу информацией об интересных людях, их личном вкладе в развитие науки, экономики, культуры, искусства. Фонды личного происхождения принимаются на вечное хранение. В Талдыкорганском архиве имеются 2215 дел по личным фондам, - отметила директор Государственного архива области Жетісу Гулжихан Истамбекова в своей вступительной речи.

Для участников круглого стола была организована презентация фондов: общественного деятеля Батимы Сакауовой, из коллекции Героев Социалистического Труда Нурмолды Алдабергенова и Зылихи Тамшыбаевой, исторические материалы творческой семьи Амиргалиевых, удостоенных звания Заслуженных деятелей культуры Казахской ССР в Жетісу, фонд семьи краеведа, журналиста Кажета Андаса, Заслуженного деятеля культуры Казахстана, композитора, дирижера Али Алпысбаева, личный фонд звезды казахской тележурналистики Бейсена Куранбека.

- Очень важно сохранить и передать молодому поколению наследие прошлого. Порой старшее поколение сетует на то, что молодым людям не интересна прошлая жизнь. Но невозможно представить себе историю без подлинных документов. На мой взгляд, у молодежи никогда не пропадал интерес к истории, а к истории своей семьи, предков тем более. Я очень рад участвовать в сегодняшнем мероприятии. Убежден, что действительно нужно привести в порядок все документы, личный архив и сдать его в надежное место для нашего с вами будущего еще при жизни, - поделился своими мыслями Кендебай Темирбайулы, актер драматического театра имени Бикен Римовой.

Очень интересные факты о важности и роли архивных документов и их хранении представила главный научный сотрудник Института истории и этнологии имени Шокана Уалиханова в Алматы, доктор исторических наук, профессор Оразгуль Мухатова.

- Я была в архивах России, Польши, Чехии, Германии. Самое удивительное, что у европейцев иной взгляд, иное отношение к архивным фондам. У нас очень много случаев, когда при жизни теряются важные документы, у них же имеется устоявшееся правило собирать, коллекционировать свой семейный, личный фонд. И это очень необходимое, негласное правило семьи.

Приведу один пример. Во Франции проходил фестиваль моды, где представляли стиль одежды с начала 20 века до 2000-х годов через призму истории. И организаторы фестиваля не могли найти модели вещей 1930-1940-х годов ни в архивах, ни у знаменитых кутюрье, модельеров. Удалось отыскать у одного владельца вещевого бутика, из его личного семейного фонда, где из поколения в поколение передавался не только бизнес, но и целая история, сохранилась эпоха в виде личных вещей его предков, - рассказала Оразгуль Мухатова.

Также в своем выступлении она отметила важность не только в коллекционировании документов, бумажных носителей, но и предметов быта. К примеру, в Алматинском государственном архиве можно увидеть вместе с личными вещами знаменитостей мебель разных времен. Стоит вспомнить советский буфет. Не все могли позволить себе такую роскошь.

- Если спросить у молодежи, мало кто знает, возможно, и представления не имеет о нем, - говорит гостья.

С улыбкой на лице рассказал и о своем личном фонде композитор, дирижер Али Алпысбаев. Оказалось, здесь, в Талдыкорганском архиве, он обнаружил книгу, изданную им в 1980-х годах.

- Даже дома этой книги нет. Я думал, что не найду. Но сегодня вы меня очень обрадовали, - говорит он.

О том, как архив помог восстановить, воссоздать историю об отце-фронтовике, рассказал Почетный журналист Казахстана Бисултан Болатбек.

- Для меня, моей семьи архивы Москвы, Талдыкоргана, Аксу сыграли большую роль. В московском архиве я нашел данные о своем отце: когда, каким образом он погиб и где он похоронен. Архив – это не просто золото, он дороже, это абсолютная ценность, - убежден Бисултан Болатбек.

По завершении круглого стола все участники были согласны с тем, что архив - это не просто сбор данностей, это целое научное направление, требующее чуткого, тщательного исследования и хранения.

Общее фото, запечатленное в этот день, уверены участники встречи, тоже пойдет в архив под фамилией Жениса Ыскабая, фотокорреспондента газеты «Вестник Жетісу». В свою очередь он в ходе мероприятия поднял вопрос о правилах сдачи и хранении фотоматериалов, парируя фразой: «Порой один кадр сможет рассказать о вас больше, чем тысячи слов».

Учредитель: Государственное учреждение «Аппарат акима области Жетісу»
Собственник: ГКП на ПХВ «Жетісу Медиа»
Руководитель – Шыңғыс БОЗЫМ
Телефон приемной: 40-20-71
Заместитель главного редактора – Джамиля АТИБАЕВА
Газета выходит три раза в неделю: во вторник, четверг, субботу.
Материалы публикуются на трех языках - казахском, русском, английском.
Газета поставлена на учет в Комитете информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан.
Регистрационный номер №KZ27VPY00064533 от 13.02.2023 года.

Адрес редакции в Талдыкоргане: 040000, ул. Жумахана Балапанова, 28. Приемная главного редактора 40-20-43, зам. гл. редактора 40-20-45, 40-20-46, прием рекламы и объявлений – 40-20-62, 87078465681.
Телефоны собкоров: в Алакольском районе – 8 (72833) 2-13-82; в Панфиловском районе – 8 (72831) 5-88-22, в Каратальском районе – 8 (72834) 2-53-00.

Телефон доверия по вопросам противодействия коррупции: 87773880990.

Набрано и сверстано в компьютерном центре газеты «ВЕСТНИК ЖЕТІСУ»
Дежурный редактор - Мурат ТУГАНБАЕВ
Отпечатано в типографии «Офсет» филиала АО «Алматы-Болашак», г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 32.
Общий тираж издания ГКП на ПХВ «Жетісу Медиа» 10118, в том числе тираж этого номера газеты «Вестник Жетісу» 4078. Заказ №766
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8

Наш электронный адрес: vestnikjetisu@mail.ru, 87073900990 (WhatsApp)

● ЖАС ӨНЕРПАЗ

БАЛАЛАРДЫ шабыттандырған демалыс

Баланың мейірім мен шапағат шуағына шомылып, ілтипаты ізгілікті іс-қимылынан көрініс тауып өскені жан жадыратады. Олардың ерте бастан заман көшінің қалай жүйткитінін аңғарып ержеткені үлкен маңызға ие. Лагерь өрендері де «Таза Қазақстан» акциясының жаңаша бір түрленуіне өз үлестерін қосты.

Медет ЖҰМАБАЙ

Ақшидегі жазғы сауықтыру лагерінің жеткіншектері арасында «Alakol clean» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Оған Үшарал қаласы мен әр ауылдық округтерден келген 50-ге жуық демалушы қатысты. Оқушылар ел көлемінде өткізіліп жатқан акция аясында табиғаттың суретін салып сынға түсті. Олар өз шығармаларында тазалықты, қоршаған ортаның адам үшін маңыздылығын бейнелеп, көпшілікке үлгі болды.

Жалпы аталған байқаудың негізгі мақсаты – «Таза Қазақстан» акциясының идеологиялық мазмұнын түсіндіру, вандализмге жол бермеу, тазалықты сақтауға және қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға назар аудару, табиғатты ластаудан, қорлаудан аулақ болуға шақыру. Аталған мақсат баршаға ортақ екенін айта кеткен жөн.

Жастардың тәрбиесіне, тазалығына септігін тигізген байқау қорытындысы бойынша 1-орынды Айзере Омар еншіледі. 2-орын Ардана Ардақ-қызына бұйырды. 3-орыннан Айару Кемелбекова көрінді. Жеңімпаздар арнайы диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Игілікті шараның өтуіне мұрындық болған «Alakol jastary» филиалының қызметкерлері. Олар елдің өркендеуі үшін балаларды осы бастан жақсы істің жаршысы болуға үйрету керек деп санайды. Алдағы уақытта да мұндай бастамалар өз жалғасын табатынын айтады.



● Фотоэтюд



● БАЛАБАҚША

Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Қандай да бір елдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері ұлттық құндылықтарының мәніне ие болады және өскелең ұрпақтың азаматтық, отаншылдық, рухани-адамгершілік жан-дүниесінің қалыптасуына белсенді түрде ықпал етеді.

Тәрбиенің қайнар көзі

Ұлттық салт-дәстүрді, мәдениет пен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі. Сондықтан да сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы болашақ ұрпақтардың бойына дарыту керек. Бала көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ, т.б. ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Балабақшадағы сәбилерге жоғары деңгейдегі ұлттық сана-сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастырады. Балабақшадағы ұлттық тәрбие берудің мақсаты – ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті – ата-бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қиылыстыру. Мен де осы жолдан таймай, балаларыма барынша ұлттық құндылықты ұлықтаудан шаршаған емеспін.

Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз – батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық».

Отаншылдықты дәріптейтін бірден-бір мұра – батырлар жыры. Балаларыма шет елдің жасанды персонаждарына қарағанда өзіміздің жерімізді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен жаудан қорғаған батырлардың ерлігін дәріптеп келемін. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары туралы олар балабақшада біліп, өсулері керек.

Бір ұлтты екінші бір ұлттан ерекшелеп тұратын тілі, халық ауыз әдебиеті, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары екенін ұмытпайық.

Гүлстан МҰХАМЕТҚАЛИЕВА,
«Айым плюс» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Талдықорған қаласы

● АРХИВ



Тарихқа қосылған үлес

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен облыстық мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен «Тарих. Тұлға. Архив» атты жеке тектік қор иелері және әлеуетті қор құрушыларға арналған «дөңгелек үстел» өтті. Шараға республиканың, облыстың дамуына үлес қосып жүрген зиялы қауым өкілдері, тектік қор иелері және әлеуетті қор құрушылар, мемлекеттік архивтің қызметкерлері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Шара барысында еліміздің, өңіріміздің өркендеуі үшін елеулі еңбек етіп жүрген жетісулық қоғам қайраткерлері, мәдениет, өнер саласының майталмандары Халық әртісі Алмахан Кенжебекова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кендебай Темірбайұлы, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, композитор, дирижер, жеке тектік қор иесі Әли Алпысбаев, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, журналист, Алматы облысының және Қаратал ауданының Құрметті азаматы Әміре Әрін, айтыс саласының ақтаңгері Айтақын Бұлғақов, ардагер журналист Болат Бисұлтанов, Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы, ақын Төлеужан Ғұмаров ойларымен бөлісіп, архив қызметін өркендету жайлы ұсыныстарын тілге тиек етті. Ал Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Оразгүл Мұхатова жеке тектік қорлар бойынша ғылыми зерттеу жұмысын жүргізудің маңыздылығы мен әдістемесі және оның ел мен жер тарихында алатын орны жайлы кеңінен тоқталып, көпшілікке бейтаныс деректер мен тағылымды дүниелерді дәйекпен жеткізді.

Облыстық архивтің бөлім басшысы Кенже Қанапиянова жеке тектік қор құруға қатысты баяндама оқып, жеке тектік қор ашудың жолдары мен талаптарын түсіндірді. Оның айтуынша, бүгінгі таңда облыстық архив мекемелерінде республиканың, Жетісу облысына қарасты аудан-қалалардың дамуына зор үлес қосқан жеке тұлғалардың 86 (2 215 іс) жеке қоры сақталуда. Жеке тектік құжаттарды зерттеу, танымал тұлғалардың өмірі мен қызметіндегі тарихи факторларды зерделеу зиялы қауым өкілдерінің қалыптасуына, ғылымның дамуына үлес қосады. Өйткені, архивтерде сақталған әрбір құжат – тарих айнасы. Сондай-ақ, мемлекеттік архивке сақтауға алынған құжаттарды архив қызметкерлері ұқыптылықпен сақтап, пайдаланушыларға ұсынады.

Сол қатарда тектік қор иесі, өлкетанушы-журналист Қажет Андас «Андас әулетінің отбасылық жеке тектік қоры» туралы таныстырылым жасады. Оның айтуынша, отбасылық қорда 56 іс, мыңнан аса құжат жинақталған. Онда 1919-2022 жылдар аралығындағы шағатай, төте жазумен жазылған құнды қолжазбалар мен фотосуреттер және карталар, сондай-ақ, Андас отбасы мүшелерінің құжаттары, еңбек жолындағы жетістіктері, кітаптары толық жинақталған. Сонымен бірге Қытайдағы қазақтарға қатысты тың деректерді де осы қордан табуға болады. Бүгінге дейін отбасылық қордағы қолжазбалар негізінде айтыс және жазба ақын, тарихшы Андас Омарақынның «Тарих талғарында», «Дода», «Жылдар ізі» атты үш кітабы құрастырылып, жарық көрсе, биыл 3 кітапты дайындап, баспаға ұсынды. Өткен жылы Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі жұмыс тобы аталған отбасылық қордағы құжаттар бойынша Қытай асып, қаза болған, аты аталмай жүрген бірқатар Алаш зиялыларының дерегін анықтап, Жетісу облысы бойынша дайындалған жинақтарға енгізді.

Шара соңында Жетісу облысының мемлекеттік архивінің директоры Гүлжиһан Рустембекова қонақтарға алғысын жеткізіп, келушілер назарына ұсынылған көрме мен архив қоймаларын таныстырды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

● НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН

Пилоттық санақ жүргізіледі

Ұлттық статистика бюросы алдағы ауылшаруашылығы санағы үшін ақпараттық жүйелер мен қызметтерді сынақтан өткізуде.

ҰСБ мәліметтері бойынша, пилоттық санақ 2024 жылдың 20 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында өтеді. Респонденттер санақ парақтарын sanaq.gov.kz. сайтында онлайн режимде өз бетінше толтыра алады. Сонымен қатар бюроның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері пилоттық жоба үшін арнайы таңдалған 54 елді мекендегі шаруашылық өкілдеріне іріктеп сауалнама жүргізеді.

Жиында мал және өсімдік шаруашылығы статистикасын өзектендіру мәселелері талқыланды. Бұған дейін хабарланғандай, 2023 жылғы мал шаруашылығы деректері жаңартылып, мамандандырылған ҰСБ бюллетенінде жарияланады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Golden Steppe» ЖШС «Жетісу облысы, Кербұлақ ауданындағы Аркарлы кен орнында алтын мен күміс кен орнын өндіру жоспарына жою жоспары» бойынша **жария талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.**

Жоба құжаттамасы Бірыңғай экология порталында жарияланған https://ecoportal.kz.

Жария талқылау тыңдаулар 24.07.2024 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде бірыңғай экология портал сайтында өтеді.

Бастамашы: **«Golden Steppe»** ЖШС, БСН 190640023047, мекенжайы: Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қарашоқы а.о., Рудник Аркарлы а. Рахатов көш. 12-үй, тел.: 8-771-765-6299. Жобалаушы: «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366. 050060, Алматы қ. Жароков к., 314 «А»үй, Тел.: 8 (727) 339-36-01. Жоспар бойынша ақпарат алуға болатын және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыстар: 8(727) 339-36-01, info@2k.kz.

Қоғам өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын келесі мекенжайы бойынша бере алады: Талдықорған қ., Қабанбай батыр көш., 26-үй, «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8-7282-32-92-67, zhetysu.priroda@zhetysu.gov.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Golden Steppe» проводит общественные слушания **в форме публичных обсуждений** по «Плану ликвидации к плану горных работ месторождения золота и серебра «Архарлы» в Кербулакском районе области Жетісу».

Документация по проекту размещена на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz.

Публичные обсуждения состоятся с 24.07.2024 г. в течение 10 рабочих дней на сайте Единый экологический портал.

Инициатор – ТОО «Golden Steppe», БИН 190640023047, адрес: Область Жетісу, Кербулакский район, Карошокинской с.о., с. Рудник Архарлы, ул. Рахатов, д.12, тел.: 8-771-765-6299. Проектировщик: ТОО «Два Кей», БИН 031240001366. 050060, г. Алматы, ул. Жарокова 314 «А» Тел.: 8 (727) 339-36-01. Контакты по которым можно получить информацию по плану и ознокомится с копией документов: 8(727) 339-36-01, info@2k.kz.

Замечания и/или предложения заинтересованной общественности принимаются по адресу: г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра 26, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел.: 8-7282-32-92-67, zhetysu.priroda@zhetysu.gov.kz

Құлаққағыс

Газетіміздің 11 шілде, бейсенбі күнгі санындағы «Алаштың алып ұлы, аңыз ұлы – Мұқалы!» атты республикалық мүшәйраның өтпейтінін хабарлаймыз.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ

Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, бас редактордың орынбасарлары — **40-20-65, 40-20-67,** жауапты хатшы — **40-10-30,** бөлімдер — **40-00-98, 40-11-19, 40-00-15,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **40-20-78,** фототілшілер — **40-20-79,** жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.**

Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — **8-708-442-43-76**, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.

Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 30-69-47** телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Гүлжан ТҰРСЫН

